21178312303

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 30 сәуір №7119-24-00-2/4168 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпсалалы медицина орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Royal Maktaaral» Ержігітова Мәдина Амангелдіқызы
2. Жеке кәсіпкер «Кубайдолла» Кубайдолла Асылжан Серикулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпсалалы медицина орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Royal Maktaaral» Ержігітова Мәдина Амангелдіқызы, жеке кәсіпкер «Кубайдолла» Кубайдолла Асылжан Серикулына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Royal Maktaaral» Ержігітова Мәдина Амангелдіқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кубайдолла» Кубайдолла Асылжан Серикулы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 30.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.06.2024, судья Бакишев А. Б., 23.06.2024
7119-24-3-1/3825

Жеке кәсіпкер «Royal Maktaaral» Ержігітова Мәдина Амангелдіқызынан, жеке кәсіпкер «Кубайдолла» Кубайдолла Асылжан Серикулынан мемлекет кірісіне әрқайсысынан 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 30.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.06.2024, судья Бакишев А. Б., 23.06.2024

7119-24-3-1/3825